

## **ЖОО компонентінің оқу пәндерінің тізімі**

**7M05 - Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика**  
(Білім беру саласының жіктелуі және коды)

**7M053 - Физикалық және химиялық ғылымдар**  
(Даярлау бағытының жіктелуі және коды)

**0530**

(Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код)

**M089 - Химия**

(Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды)

**7M05303 - Химия (1 жыл)**

(Білім беру бағдарламасының коды және атауы)

**Магистр**

(дайындық деңгейі)

**Оқуға түскен жылы 2025 жыл**

## **Әзірленді**

БББ академиялық комитеті  
АК жетекшісі Сабитова Альфира Нуржанқызы  
БББ менеджері Баяхметова Булбул Баяхметовна

## **ҚАРАСТЫРЫЛДЫ**

Физика және химия ғылымдары зерттеу мектебі кеңесінің отырысында  
Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітуге ұсынылды  
№7 хаттама 12.02.25 ж.

## **БЕКІТІЛДІ**

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында  
2025 жылы «27» наурыз No 7 хаттама.

Университет Басқарма шешімімен  
№23 «04» 04 2025 ж. хаттама

## Шет тілі (кәсіби)

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Магистратурадағы шетел тілі курсы сабақтастық талаптарына жауап береді және үш сатылы жоғары білім буындарының бірі болып табылады. Магистратурада шетел тілін меңгеру деңгейіне қойылатын талаптардың негізіне білім беру мекемелерінің барлық түрлері үшін тілдерді үйрету деңгейлеріне талаптарды бірыңғайландыратын шетел тілдері бойынша жалпы еуропалқ стандарт алынған.

### Пәнді оқыту мақсаты

Магистратурада шетел тілін оқытудың негізгі мақсаты болашақ магистрдің кәсіби іс-әрекетіндегі тілді белсенді меңгерудің дағдылары мен біліктіліктерін ары қарай дамыта отырып халықаралық стандарттары шеңберінде коммуникативтік құзіретін жүйелі тереңдету болып табылады.

### Оқыту нәтижелері

ON1 Шет тілінде ғылыми материалды мазмұндау; таңдаған мамандығы бойынша түпнұсқа әдебиеті еркін оқып аудару, алынған ақпаратты өңдеу, өз түсінігінше пайдаланып, бағалау; кәсіби қызметте шетел тілінде іскерлік хат алмасуды жүргізу

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

шет тілінде ғылыми материалды мазмұндайды;

таңдаған мамандығы бойынша түпнұсқа әдебиеті еркін оқып аударарды, алынған ақпаратты өңдейді, өз түсінігінше пайдаланып, бағалайды;

кәсіби қызметте шетел тілінде іскерлік хат алмасуды жүргізеді.

### Пререквизиттер

Бакалавриат

### Постреквизиттер

## Менеджмент және басқару психологиясы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

«Менеджмент және басқару психологиясы» курсының мәні кәсіби бағытталған тұлғаның шығармашылық мүмкіндігінің қалыптасуы мен ашылуындағы оның жетекші рөлімен анықталады. «Басқару психологиясы» негізгі пән болып табылады. Ол қоғамдық ғылымдар мен адамтану саласы ғылымдарының арасында маңызды рөл атқарады және мәнді орын алады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Курстың мақсаты- магистрантта басқарушылық қызметтің әлеуметтік- психологиялық заңдылықтары туралы жүйелі идеяларды қалыптастыру, менеджер қызметінің құрылымында әлеуметтік-психологиялық білімді қолдану ерекшеліктерін ашу, тиімді басқарудың негізін құрайтын әлеуметтік-психологиялық принциптерді талдау дағдыларын дамыту.

### Оқыту нәтижелері

ON2 Мультимәдениетті командаларды басқару, көшбасшылықтың негізгі тәсілдемелерін бағалау, ынталандырудың замануи тәсілдемелерін қолдану, дағдарыс жағдайда коммуникацияларды іске асыру, бақылау мен сапаны кешенді басқару

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

Жоғарғы кәсіби білім проблемаларын және оның болашақ өркендеуін шешу.

Кәсіпорындардың және олардың жекелеген бөлімшелерінің даму және жұмыс істеу стратегиясын әзірлейді.

Экономикалық құбылыстар мен процестерді талдау кезінде категориялық және ғылыми аппаратты қолданады.

### Пререквизиттер

Бакалавриат

### Постреквизиттер

## Физикалық химияның теориясы мен мәселелері

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән физикалық химияның маңызды теориялық және қолданбалы аспектілерін қарастырады. Бұл курс статистикалық термодинамика заңдарын, электрохимиялық процестер мен химиялық кинетика теориялары мен мәселелерін қарастыру арқылы қазіргі физикалық химияның күрделі мәселелерін шешу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Негізгі мәселелерді игеру магистранттарды өз бетінше заманауи ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге, зерттелетін химия саласындағы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін синтездеуге және сыни талдауға үйретеді.

### Пәнді оқыту мақсаты

магистранттардың қазіргі физикалық химия саласындағы жетістіктерді игеріп, алған білімдерін өзінің магистрлік диссертациясында және кейінгі ғылыми-зерттеу және педагогикалық жұмыстарда қолдана білу

### Оқыту нәтижелері

ON3 Химиялық бейіндегі пәндер бойынша білім беру үдерісіне іргелі химиялық ұғымдарды, негізгі ережелер мен базалық пәндердің теорияларын интеграциялау

ON6 Химия саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулердің теориялық негіздері мен әдіснамасын меңгеру

## Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Зерттеу және ғылыми тапсырмаларды орындау кезінде физикалық химияның жетістіктерін біріктіру
- 2) Химиялық және электрохимиялық процестер теориясы туралы терең білімді көрсету
- 3) Жүйенің термодинамикалық қасиеттері бойынша есептеулер жүргізу

## Пререквизиттер

Бакалавриат

## Постреквизиттер

Қорытынды аттестаттау

## Өндірістік практика

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	14
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

## Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Оқу қызметінің бұл түрі химиялық мамандану пәндерін оқу барысында алынған ғылыми, әдістемелік білім мен зерттеу дағдыларын тереңдетуге бағытталған. Практика магистрант жұмысының келесі түрлерін қамтиды: практика базасымен және нормативтік құжаттамамен танысу; диссертация тақырыбы бойынша өзекті және ғылыми бағыттарды, әдістерді, технологияларды библиографиялық іздеу, жоспарлы зерттеулерді жүзеге асыру, эксперименттік материалдарды алу және талдау.

## Пәнді оқыту мақсаты

отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерімен, эксперименттік деректерді өңдеу және интерпретациялаумен танысу

## Оқыту нәтижелері

ON5 Химиялық саланың ағымдағы бағыттарында жаңа практикалық қосымшалар жасау үшін химиялық заттар, сонымен қатар радиофармацевтикалық препараттар өндіріс технологиясын басқару

## Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Химияның таңдалған саласында практикалық жұмыс теориясы мен дағдыларын меңгеру
- 2) Қазіргі заманғы жабдықтар мен аспаптардың кәсіби пайдаланылуын сәйкестендіру
- 3) Зерттеулерде алынған нәтижелерді есептер және ғылыми жарияланымдар түрінде ұсыну

## Пререквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

## Постреквизиттер

Қорытынды аттестаттау